

Қорытынды									
-----------	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Ескертпе:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ДЗ - дәрілік заттар;

МБ - медициналық бұйымдар;

ХПА - халықаралық патенттелмеген атауы.

Денсаулық

сақтау

субъектісінің

басшысы:

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы:

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Жауапты

орындаушы:

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Орындаушының

телефоны:

Орындаушының

электрондық

мекенжайы:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға шығындар есебі"

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға шығындар есебі" нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға шығындар есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды;

2. Нысанды денсаулық сақтаудың референттік субъектілері толтырады және жұмыс органына ұсынады;

3. Нысанға денсаулық сақтау субъектілері болып табылатын ұйымның басшысы не оның міндетін атқаратын адам тегін және аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды;

4. Нысан хабарламаны алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ұсынылады;

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2 тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

7. 2-бағанда бөлімшенің (бөлімше, Операциялық блок, реанимация) атауы көрсетіледі;

8. 3-бағанда дәрілік заттардың сыныптамасына сәйкес фармакотерапиялық тобы көрсетіледі;

9. 4-бағанда дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың атауы көрсетіледі;

10. 5-бағанда дәрілік заттарға арналған сипаттамасы мен дозасы және медициналық бұйымдарға арналған техникалық ерекшелік (таблетка, капсула, драже, ампула) көрсетіледі;

11. 6-бағанда өлшем бірлігі (миллиграмм, миллилитр, сантиметр, дана, грамм);

12. 7-10-бағандарда дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арналған шығындар, оның ішінде % арақатынаста пайдалану ықтималдығы, дәрілік препараттардың бір реттік дозасы, қолдану еселігі (күніне бір рет саны), қолдану ұзақтығы (төсек-күндер) көрсетіледі;

13. 11-бағанда кодекстің 7-бабының 95) тармақшасына сәйкес өлшем бірлігі үшін теңгемен шекті баға көрсетіледі;

14. 12-бағанда 7, 8, 9, 10 және 11-бағандарды көбейту жолымен айқындалатын, ДЗ мен МИ-ға арналған шығындардың теңгедегі сомасы көрсетіледі.